

ISSN 1563-0366 - Индекс 75882, 25882



АЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени А.Л. ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЮРИДИЧЕСКАЯ

BULLETIN

LAW SERIES

6(спецвыпуск) 2015

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	1-бөлім	Раздел 1	
	Мемлекет пен құқық теория және тарихы	Теория и история государства и права	
<i>Ахатов У.А., Оғдашұлы Е., Сәлбай Д.</i>			
Тұрар Рысқұловтың мемлекеттік қызметкер ретінде қалыптасуының ерекшеліктері.....			4
<i>Отарова Ш.В., Зhubanova К.Кh.</i>			
The main features of scientific report writing			10
<i>Сұлтанов Б.Е.</i>			
Медиация анықтамасының ұғымы			16
	2-бөлім	Раздел 2	
	Конституциялық және әкімшілік құқығы	Конституционное и административное право	
<i>Усенова К.Р.</i>			
Институт президентства в зарубежных странах.....			23
<i>Мұрабилдаева М.А.</i>			
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулыларындағы құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам мәселелері.....			28
<i>Қадыр Г.Қ.</i>			
Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншіктің қалыптасуы мен даму тарихы			34
	3-бөлім	Раздел 3	
	Азаматтық құқық және еңбек құқығы	Гражданское право и трудовое право	
<i>Сұлпейменова С.Ж., Джукусова Г.К.</i>			
Сущность и значение института апелляции.....			42
<i>Межибовская И.В., Нуралина Ж.Д.</i>			
Правовые аспекты и проблемы гражданской дееспособности несовершеннолетних в РК			46
<i>Нұрақметова Г.Г., Науханбай Д.К.</i>			
Общая характеристика публичного договора в гражданском праве.....			52
<i>Атаханова С.К., Молдагулова М.М.</i>			
Азаматтық іс жүргізу құқығындағы ерекше өндіріс институты			58
<i>Сұлпейменова С.Ж., Доцанов Н.Б.</i>			
Правовое регулирование фирменных наименований.....			62
<i>Құсаинова А.К., Қыдырғужанов Т.</i>			
К вопросу определения понятий «органа» и «должностного лица» юридического лица			68
<i>Глешева Н.В.</i>			
Порядок оплаты отпуска по беременности и родам			76
<i>Ермұхаметова С.Р., Жамбыл Ә.Б.</i>			
Некені бұзудан туындайтын мәселелер			84
<i>Хұдайбердина Г.А., Адамбекова З.Н.</i>			
Кәсіпорын азаматтық құқықтың объектісі ретінде.....			88
<i>Омарова А.Б., Исақұл А.А.</i>			
Условия созыва и соблюдения кворума повторного общего собрания товарищества с ограниченной ответственностью.....			92
<i>Доцанова А.С.</i>			
Отдельные вопросы прекращения полномочий исполнительного органа акционерного общества			98

**КӘСІПОРЫН
АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ
РЕТІНДЕ**

Бүгінгі таңда «кәсіпорын» термині әртүрлі заңнамалық актілерде қолданылады. Азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі кәсіпорынға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін негізгі нормалар, бүгінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай ҚР АҚ) 119-б. нормаларында кездеседі. ҚР-ның «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 ж. 17 қаңтардағы Заңының 1-б. 26-т. жалпы теңіз кәсіпорнын ретінде жалпы авария бойынша оның есебінен шығыстар өтелетін мүлік (кеме, жалдау ақысы, жүк) түсіндіріледі.

ҚР-ның «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011ж. 1 наурыздағы Заңында да кәсіпорынның анықтамасы берілген [1]. Салыстырсақ, ҚР АҚ-ның 119-б. 1-т. сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешен құқық объектісі түріндегі кәсіпорын деп танылады. Мүлік ретіндегі кәсіпорынға біршама өзгеше анықтама ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 136-б. 1-т. бекітілген, оған сәйкес, «мүліктік меншік ретінде мемлекеттік кәсіпорынның құрамына оның қызмет етуіне арналған мүліктің барлық түрлері, оның ішінде ғимараттар, құрылыстар, жабдық құрал-сайман, шикізат, өнім, жер учаскесіне құқық, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілеулерге (фирмалық атауы, тауар таңбалары) құқықтар және басқа да ерекше құқықтар кіреді».

Кәсіпорын құқықтық категория ретінде экономикалық қатынастардың дамуымен бір мезгілде, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы өндірістік «всплеск»-тің басталуымен белгіленді және зерттелінді, сол кезден бері және бүгінгі күнге дейін кәсіпорын құбылыс ретінде отандық және шетелдік ғылымда әртүрлі мағынада қарастырылады. Құқықтанушылардың кәсіпорынға деген көзқарастары екі негізгі топқа бөлінді:

1. Кәсіпорын дербес экономикалық тәуелсіз, мүліктік оқшауланған қатысушы, кәсіпкерлік қатынастардың субъектісі; кәсіпорын құқықтық қатынастарға дербес түсе алатын заңды тұлға деп санайтын бірінші топтағы авторларға Н.К. Клейн, В.В. Чубарова, С.И. Клишкин және т.б. жатады.

2. Кәсіпорын оқшауланған мүліктік кешен, кәсіпкерлік табысты табудың құралы, экономикалық мүдделер мен азаматтық құқықтың объектісі деп түсінетін екінші топтағы авторларға

болуын, олардың әртүрлі үйлесуін бағамдайды. Кәсіпорынның құрамын (сандық және сапалық) нақтылау оның іс жүзіндегі құрамымен және өндірістік-шаруашылық мақсатымен, қызметінің пәнімен және экономикалық қатынастар жүйесіндегі алатын орнымен анықталады [2, 98-99 б.].

Жалпы мүліктік кешен түрінде кәсіпорын, ҚР АҚ-ның 119-б. 2-т. сәйкес, жылжымайтын мүлік деп танылады. Мұндағы анықтаушы сәт ретінде оның құрамында жылжымайтын мүліктің болуы деп ұғынылады. Біз, «егер басқа мүлікке қатысты оны кәсіпорынның құрамына қосудың балама-таңдау мүмкіндігі болса, онда жылжымайтын мүлікке қатысты заң бойынша іс жүзінде оны жалпы жылжымайтын мүлікке жатқызу жолы арқылы міндетті қосу көзделген» [5, 203 б.] деген оймен толығымен келісеміз.

ҚР АҚ-ның 119-бабы тараптарға кәсіпорынның мүліктік кешен құрамына заң шығарушымен қосылған құраушыларды өзгерту мүмкіндігін берген.

Мүліктік кешен түріндегі кәсіпорынның бекітілген құрамының жоқ болуына байланысты

тәжірибеде ситуациялар, яғни жер учаскесінсіз (жерге құқықсыз) кәсіпорынды тіркеу әрекеттері байқалады.

Мысалы: «Транстелеком» Компаниясының балансында Қазақстан заңнамасы бойынша жылжымайтын мүлік объектісі болып табылмайтын, жерде де және жер бетіндегі бекітілген тіреуіштерде де орналасатын, талшықты-оптикалық байланыс желілері бар. Осыған байланысты, мүліктік кешен түріндегі кәсіпорынды тіркеу арқылы жылжымайтын мүлік объектісі болып табылмайтын, жермен тығыз байланысты, тасымалдаушы-объектілерге құқықты тіркеу әрекеттері жасалынады.

Біздің ойымызша, кәсіпорынның құрамына оның міндетті құраушыларын (жер учаскесі және жер учаскесіне құқықты) және міндетті емес құраушыларды –барлық қалған мүлікті кіргізе отырып нақты анықтамасын беру қажет.

Оған қоса, кәсіпкерлік қызметтегі (шаруашылық қызметте) кәсіпорынды пайдалану міндеттілігін, яғни кәсіпорынды әрекет етуші, пайдаланушы, табыс келтіруші объект ретінде заңнамалық анықтау.

Әдебиеттер

- 1 «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011ж. 1 наурыздағы ҚР Заңы (өзгерт. мен толықт) //Параграф анықтамалық құқықтық жүйе
- 2 Степанов С.А. Имущественные комплексы в российском гражданском праве. – М.: Баспа НОРМА, 2002.
- 3 Амирханова И.В. Предприятие, предпринимательское дело как объекты гражданских прав // КазМУ Хабаршысы. – 2000. – №2(15). – 23-27 Б.
- 4 Лапач В.А. Система объектов гражданских прав: Теория и судебная практика. – СПб.: Баспа «Юридический центр пресс», 2002. – 355-370 бб.
- 5 Амирханова И.В. Гражданско-правовое обеспечение развития предпринимательства в Республике Казахстан. – Алматы: Казак университети, 2003.

References

- 1 The Law of the Republic of Kazakhstan dated 01.03.2011 as amended. and add. «On State Property» // Reference legal system Paragraph
- 2 Stepanov S.A. Property complexes in the Russian civil law. – M.: Publishing NORM, 2002.
- 3 Amirkhanova I.V. Enterprise, entrepreneurial business as objects of civil rights // Vestnik KSU. – 2000. – №2 (15). – S. 23-27.
- 4 Lapach V.A. System objects of civil rights: theory and jurisprudence. – SPb.: Publisher «Press Law Center», 2002. – S. 355-370.
- 5 Amirkhanova I.V. Civil legal support business development in the Republic of Kazakhstan. – Almaty: Kazak University, 2003.